Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.1, ч.1 – Б. 225-227

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІН ҚҰРУ

Жұмабаева А.Ө.

Жаңа қоғамға жаңа адам керек. Мұндай адамды қалыптастыру – қазіргі замандағы білім беру жүйесінің алдында тұрған басты міндеттің бірі. Мұғалім еңбегінің бүгінгі нәтижесі қандай болса, елдің, қоғамның ертеңі, болашағы сондай болмақ. Демек, Елбасының «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық» деген қағидасына сүйенсек, қазіргі қоғамдағы дамудың басты факторлары: білім, ғылым, саяси тұрақтылық, яғни заман өзгергенімен, мемлекеттің өркендеуі, халықтың әл-ауқатының көтерілуі білімсіз мүмкін емес екеніне көз жеткізуге болады.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру дегеніміз – берілетін білім сапасын көтеруді жүзеге асыруға бағытталған процесс, яғни еліміздің ұлттық білім жүйесінің барлық түрлерінде кәдімгі технологияларды тиімді жаңа комплекстік ақпараттандыру технологияларына алмастыру, оларды сүйемелдеу және дамыту болып табылады.

Осы уақытқа дейінгі білім беру саласында тек мұғалімнің айтқанын немесе оқулықты пайдалану қазіргі заман талабына сай келмейді. Сондықтан қазіргі ақпараттандыру қоғамында жаңаша оқулықтарды және бағдарпламаларды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес.

Оқыту үрдісінде оқыту әдістерін тиімді пайдалану, білім беру жүйесін тұтастай ақпараттандыру арқылы жаңа оқыту технологиясын енгізу оқыту процесінде толыққанды дамуына мүмкіндік жасайды. Оқыту процесінде компьютерге негізделген жеке әдістемелер, оқу мақсаттары, оқу жағдайларына байланысты тиімді қолданылуы тиіс.

Оқытудың тиімділігі оқытудың жеке тұлғалық стиліне, оқушыға оқу материалын тиімді баяндайтындай қабылдау механизміне тәуелді болады. Осыған байланысты оқу іс-әрекетін тиімді қамтамасыз ету бәрінен бұрын оқушылардың өзіндік іс-әрекетін, оқытушының әрбір оқушымен жеке тұлғалық оқу іс-әрекетін сүйемелдеуді және жобалар мен оқу жұмыстарын оқытушылармен бірге ұйымдастыруды көздейді

Осылайша ақпараттық технологиялардың дамуы жаңа әдіс-тәсілдердің пайда болуына көмектеседі және сонымен бірге оның сапасын жоғарылатады. Оған дәлел төменде көрсетіледі.

Бұл ғылыми-зерттеу жұмысының басты мақсаты - қолданушыға компьютер көмегімен өз мәселелерін шешуге мүмкіндік беретін аппараттық–бағдарламалық құрал жасау, интеллектуалды жүйелер құрудан және оларды игеруге сапалы білім

беру, қандай да бір сала бойынша оқыту, шеберлікті арттыру,барлық жаңашылдықтарды оқу процесінде пайдалану.

Зерттеудің міндеттері:

*жоғары оқу орындарында студенттерді интеллектуалды жүйелер бойынша даярлау және интеллектуалдық деңгейін анықтау;

*интеллектуалды жүйелер бойынша интеллектуалдық оқыту жүйесінің моделін жасау, оның компоненттерін, критерийлері және көрсеткіштерін анықтау;

*интеллектуалды оқыту жүйесі бойынша оқыту жүйесін құру;

*студенттерді интеллектуалды жүйелер бойынша оқу-әдістемелік кешенмен қамсыздандыру;

*студенттерді интеллектуалды оқыту жүйесі бойынша меңгертудің тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар жүргізу арқылы жүзеге асыру.

Мұғалімдері үшін интеллектуалдық оқыту жүйесін пайдаланудың тиімділігі:

- Студенттердің өз бетімен жұмыс істеуі;
- Екі жақтың да уақытын үнемдеуге көмектеседі;
- Білім-білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеруге болады;
- Қашықтықтан білім алу мүмкіндігі туындайды;
- Қажетті ақпаратты жедел алуға мүмкіндік береді;
- Экономикалық жағынан тиімді болып келеді;
- Іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйренуде көп септініе тигізеді;

Интеллектуалды оқыту жүйесі – оқытушы мен бөгде адамдардың қатысуынсыз тез орындаалатын және арнайы құралдардың қайтарымдылық жүйесінің көмегі арқылы іске асатын компьютерлік жүйе. Түрлі компьютерлік технологияларды тиімді пайдалану интеллектуалдық оқыту жүйесінің негізгі мақсаты болып табылады.



XXI ғасыр – техниканың озық дамыған ғасыры. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сындарлы саясатының арқасында бүкіл мектеп компьютермен қамтамасыз етілді.Компьютер оқушы үшін қоршаған әлемді танудың табиғи құралы болып табылады. Олай болса барлық сабақтарды компьютердің қуаттануымен жүргізуді үйрену – бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелерінің бірі. Кәсіби мамандарды дайындауда жүргізілетін барлық пәндерін оқыту құралы ретінде компьютерді қолдану – оқу үрдісін белсендіруге, оқытуды жекешелендіруге, оқушының өзін-өзі бақылауына мүмкіндік туғызады.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру дегеніміз – берілетін білім сапасын көтеруді жүзеге асыруға бағытталған процесс, яғни еліміздің ұлттық білім жүйесінің барлық түрлерінде кәдімгі технологияларды тиімді жаңа комплекстік ақпараттандыру технологияларына алмастыру, оларды сүйемелдеу және дамыту болып табылады.

Жүргізіліп жатқан зерттеу жұмыстарының негізінде келесідей нәтижелерге қол жеткізуге болады:

1.Жеке тұлғаға бағытталған интеллектуалды оқыту жүйесінің моделі оқытушылардың кәсіби шеберліктерін қалыптастыруға әсер етеді.

2.Қашықтықтан оқытуды теориялық-әдіснамалық талдау негізінде интеллектуалды оқыту жүйесінің әдістерінің тенденциялары ашылады.

3.Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен пәндік саланың ерекшеліктерін ескеретін қашықтықтан оқытудың интеллектуалды әдістемесі жасалынды.

4.Әлемдік қазіргі заманғы ақпараттық магистральдық әдіснамасын және ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың даму тарихы мен логикасына сәйкес дайындаудың тиімділігін қамтамасыз етеді.